

**Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлының
«8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Ертегі дискурсындағы ақыл-ой
әрекетінің концептосферасы (қазақ-ағылшын қиял-ғажайып ертегілері
негізінде)» диссертациясына**

ШКІР

Тіл білімінде маңыздылығы артып, өзекті мәселеге айналып отырған дискурс мәселесі, белгілі бір халыққа тән мәдени құндылықтарды тіл арқылы танытуға негіз болатын басты фактор болып табылады. Ертегі дискурсы санамызда сақталған мәдени құндылықтарды бейнелейді. Лингвистика ғылымында қарым-қатынас үстіндегі тілді зерттеуге ерекше басымдық беріліп, дискурс теориясы, лингвоконцептология, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика қалыптасты. Қазіргі кезде аталған теориялық ілімдер бір-бірімен тығыз байланысты ғылым салалары екені анықталып, жаңа бағыттағы зерттеулердің қалыптасуына арқау болып отыр.

Дискурста ақпаратты ұсынудың түрлі стратегиялары ғана емес, шындықты когнитивті тұрғыдан бейнелеудің ұлттық ерекшелігі де көрініс табады. Соған сай құрылысы әртүрлі тілдерді салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулерге ерекше назар аударылып, дүниенің тілдік бейнесіндегі ортақ және ұлттық-мәдени ерекшеліктерді, этностың дүниетанымын бейнелейтін мәдени кодтарды талдау және түсіндіруге арналған зерттеулер көбейді. Қорғауға ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы «Ақыл-ой әрекеті» концептасындағы әмбебап сипат пен ұлттық-мәдени ерекшеліктерді салғастыра талдау. Докторант қойылған мақсатқа қол жеткізу барысында ұсынылған мәселеге қатысты еңбектерге ғылыми-теориялық шолу жасаған, зерттеу материалдарына концептуалды және дискурстық талдау жұмыстары жүргізілген. Диссертациялық жұмыста қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегі мәтіндерінде көрінетін «Ақыл-ой әрекеті» концептасының вербалдануын анықтауға, салыстыра-салғастыра талдауға, ұғымдық, бейнелік, құндылық компоненттерін анықтауға, екі лингвомәдениетке тән ортақ және айырым белгілерін ажыратып, олардың себептерін лингвоконцептологиялық және салғастырмалы талдау арқылы түсіндірген.

Ертегі дискурсын фольклордағы ертегі жанрымен салыстыра отырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталған. Ертегі дискурсының базалық ұғымдары мен терминдерінің пайда болуы мен дамуына шолу жасалған.

Зерттеуде дискурс, ертегі дискурсы, концепт, концепттая мәселелеріне арналған теориялық-әдіснамалық еңбектерге талдау жасалып, негізгі ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынып, диссертацияға қатысты сұрақтар мен зерттеу бағыттары айқындалған. Ізденуші тақырып бойынша теориялық әдебиеттерді зерделей отырып, өзіндік сыни көзқарастарын анық білдірген. Қазақ тілінің терминдік жүйесін толықтырып, біріздендіруге де өз үлесін

қосқан деп айтуға болады. Докторант концептосфера терминінің қазақ тілінде алғашқы қолданыстарына талдау жасай отырып, концептая терминін өз жұмысында жүйелі қолдануға, оның ғылым тілінде қолданысын бекітуге ұмтылған.

Жұмыста дискурста концептіні зерттеудің орны анықталып, әдіснамасына талдау жасалған. Концептіні зерттеу әдістері жеке-жеке талданып, зерттеудің мақсат-міндеттеріне сай талдау әдістері зерделенген. Нәтижесінде концептіні зерттеудегі лингвокогнитивтік және лингвомәдени бағыттарды негізге ала отырып, ертегі дискурсындағы «Ақыл-ой әрекеті» концептаясын зерттеу әдістемесі ретінде кешенді концептуалды талдау әдістерін ұсынған.

Диссертациялық жұмыста алғаш рет қазақ және ағылшын тіліндегі ертегі дискурсын салғастыра талдап, «Ақыл-ой әрекеті» концептаясын құрайтын барлық концептілер анықталып, олардың өзегі, перифериясы, шеткері аймағы сызба түрінде көрсетілген. Докторант ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының қазақ және ағылшын лингвомәдениетіне тән ортақ белгілерін және ерекшеліктерін нақты тілдік материалдар арқылы дәлелдеген. Ізденушінің тілдік материалдарды дискурстық және концептуалдық талдаулары сәтті шыққан. Зерттеу нысанына алынып отырған екі тілден 827 бет (51,6 баспа табақ) мәтін талданған. Бұл жұмыстың практикалық құндылығын анықтайды. Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлы қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекетінің қабылдануы мен қайта түзілуін анықтау мақсатында ассоциативтік эксперимент жүргізген, оның нәтижелерін талдап, соған сәйкес тұжырымдар ұсынған.

Ізденуші докторантурада оқу барысында және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде шетелдік тағлымдамадан өтіп, ғылыми-зерттеу жұмысын жазудың теориясы мен тәжірибесін жеткілікті түрде игергенін көрсетті. Жұмыстың нәтижелері 5 ғылыми мақалада жарияланған. Оның біреуі Scopus мәліметтер қорына кіретін журналда, 3 мақала Комитет ұсынған ғылыми басылымдарда және 1 мақала халықаралық ғылыми конференция жинақтарында жарияланған.

Ғылыми жұмысты жазу барысында Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлы өзінің ғылымға адалдығын, бейімділігін, табандылығын, ізденімпаздығын көрсете білді. Тіл білімі саласы бойынша теориялық білімі қалыптасқан, тіл білімінің зерттеу әдістерін меңгерген, өзіндік ой-тұжырымы бар, қазақ, ағылшын, орыс тілдерін білетін білікті маман ретінде көзге түсті. Жұмыстың нәтижелерін суреттер, сызбалар мен кестелер түрінде ұсынуы, ассоциативтік экспериментті ұйымдастыру, оның нәтижелерін өңдеу кезінде ізденушінің ақпараттық технологияны, компьютерлік бағдарламаларды тиімді пайдаланғанын атап өту керек.

Қорыта айтқанда, Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлының «8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған диссертациясы ғылыми жұмысқа қойылған барлық талаптарға жауап береді. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және практикалық

құндылығын ескере отырып, аяқталған ғылыми жұмыс ретінде қорғауға ұсынамыз.

Отандық ғылыми кеңесші –
филология ғылымдарының докторы,
теориялық және қолданбалы тіл білімі
кафедрасының профессоры,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан

С.С. Исакова

17.10.2024

